

Ауыл әкімдері мен қала басшысының дәстүрлі есептері Шикылдақ ауылында жалғасты.

Шикылдақ ауылында ауыл шаруашылығына тиесілі 116000 гектар жер бар. Ауыл тұрғындарының саны – 505. Ауылда орта мектеп, кітапхана, клуб, пошта бөлімшесі, медициналық пункт, мал дәрігерлік пункт жұмыс істейді. Мал қорымы, 90 нөмірлі терминал, Құлболды батыр атындағы мешіт, жазғы су құбыры және КБМ – су тазартқыш модулі бар.

20 шаруа қожалығы, 6 жеке кәсіпкер мал шаруашылығын дамытумен айналысуда. Ауылдықтар 2366 бас ірі қара, 3437 бас қой мен ешкі, 1830 бас жылқы ұстайды.



Дария ЕРҒАЗИНА

Әр үйге су келеді

Шикылдақ ауылының кәсіпкерлері де мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, игілігін көруде. Біз газетіміздің өткен сандарының бірінде егжей-тегжейлі жазғандықтан бұл жолы тоқталуды жөн көрмедік.

Мұндағы мал қорымын ұстауға жыл сайын қалалық бюджеттен 700 мың теңге қаржы бөлінеді.

Гүлнәр Еңсебайқызының айтуынша, өткен жылы жем-шөп қыстаққа жеткілікті дайындалды. Ауылдағы 76 үйге жазғы су құбыры тартылды. Бұл жазғы су құбыры өткен жылдың аяғында коммуналдық меншікке беріліп, кейін ауыл әкімі аппаратының балансына тапсырылды.

Осы уақытқа дейін құбырға есептеуіш құралдарын орнату, сым тарту секілді жұмыстар толығымен аяқталған. Көктемде күн жылынса, мотор орнатылады. Әйтсе де «өттегенай» дейтін тұсы, су құбыры ауыл әкімі аппаратының балансына енгізілгендіктен, су тарифі заңды тұлғаға есептеледі. Тарифтің мұндай түрімен төлеу, әрине, ауыл тұрғындарының қалтасына салмақ салары анық. Ауыл әкімі Гүлнәр Еңсебаева қала әкімінен осы іске араласып, ауылдықтардың мүддесіне шешуге көмектесуді өтіңді.

Ауыл әкімінің айтуына қара-

ғанда, тұрғындардың көшіп-қонуы тұрақтанған, мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар жоқтың қасы. 15 адам «Уни-серв» ЖШС-де, 8 адам Бозшакөл кен-байыту комбинатының құрылысында, 2 адам «Гелиос» жанар-жағармай станциясында, 10 адам «Нұрлы жол» бағдарламасы негізінде еңбек етіп жүр.

Қалалық жұмыспен қамту бөлімінде 3 адам есепте тұрса, 3 адам қоғамдық жұмысқа тартылған. Қалалық жұмыспен қамту бөлімінен «Богатырь» кенішінен мүгедек, көпбалалы отбасыларға 54 тонна көмір қайырымдылық негізде тегін таратылып, жеткізілді.

Көмірді тасымалдауға демеушілік көрсеткен – «Адыгезалов» жеке кәсіпкерлігінің басшысы Эльдар Адыгезалов.

Өткен жылы ауыл тұрғындарының бірлігі арқасында ортадан жиналған қаржы есебінен Құлболды батыр мешітіне жөндеу жұмыстары жүргізілді. Фимарат сырты кірпішпен қапталып, шатыры мен күмбезі ауыстырылды. Пластикалық терезелер орнатылды.

«Павлодаржолдары» ЖШС-мен келісімшарт жасалып, кіре беріс және ауылдың ішкі жолдары грейдермен түзетіліп, шұңқырлары тегістелді.

Қыстан жиналған қоқыстар-

ды тазарту, ауызсуды тасу жұмыстарын «Офис-сервис» мекемесінің балансында тұрған МТЗ-2 тракторы атқарады.

Ауыл тұрғындарымен жиі кездесулер өткіземіз, мұнда ауылды көріктендіру мен санитарлық тазалау, жазғы су құбырын жөндеу, мал бағу, шөп шабу науқанын ұйымдастыру, мал дәрігерлік-профилактикалық жұмыстарды жүргізу және күнделікті шешімін таппай жатқан мәселелер қаралады, дейді ауыл басшысы.

Сенбілік мәселесі де назардан тыс қалып көрген емес. Бір жылдың ішінде оқушылардың қатысуымен 6 сенбілік өткізілді. Сонымен бірге, ауыл-аймақтарды дамытуға бөлінген қаржыға көшелерге шам орнату, ескі ғимараттарды бұзу, санитарлық тазалау сынды жұмыстар атқарылған.

Шикылдақ ауылында бюджеттік бағдарламалар қалай орындалды?

Гүлнәр Еңсебайқызы 2015 жылдың қаржысы 99,9 пайызға игерілгенін айтты.

Алдағы уақытта тұрғындарға мемлекеттік қызмет сапасын одан әрі жақсарту, қысқы мал азығы қорын өзірлеу, тұрғындарды қысқы отынмен қамту, ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттыру, шағын және орта бизнесті одан әрі дамыту

жұмыстары жалғасын таппақ. Ауылдағы басты мәселе – ауызсумен қамту және келге құятын арнаны тазалау.

Гүлнәр Төлеубайқызы сөзінің соңында ауылды дамытуға арналған жоспарды жүзеге асыру осы жердің ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген жерлестерінің іс-әрекетіне байланысты екенін қадап айтты. «Тірлігі жарасқан жұрттың түтіні түзу, бірлігі жарасқан жұрттың туы түзу» демекші, бірлігі жарасқан ауылымыз – баршамыздың ордалы мекеніміз. Сондықтан ауылымыздың бүгіні де, болашағы да өз қолымызда. Ауыл жаңарып, бой түзеп келеді, ендеше біздер де ойымызды түзетейік», - деп ойын аяқтады.

Тұрғындар атынан сөз алған Рая Нұрова ауыл әкімінің жұмысына қанағаттанарлық деп баға беріп, өз кезегінде ынтымақтаса жұмыс істеуге шақырды.

Бұдан кейін 2015 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысын және 2016 жылға арналған міндеттерді саралаған қала әкімі Александр Вербняк биыл да жетістіктердің еселенетіндігіне сенім білдірді.

Жиналған қауым ауыл және қала әкімдерінің есебін тыңдап, оң баға берді.